

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қараша N 1767

Қ. Мұңайтпасов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттың Астана қаласына қоныс аударуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. №"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 Р981334_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

ІҮ "Шығыстар" бөлімінде:

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 2 "Бастауыш және орта білім беру" кіші функциясындағы 224 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" мемлекеттік мекемесіндегі 31 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" бағдарламасында:

36 "Қ.Мұңайтпасов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған

республикалық мектеп-интернат" кіші бағдарламасындағы "71151" деген сан "62287" деген санмен ауыстырылсын;

"К.Ахметов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" кіші бағдарламасындағы "58131" деген сан "66995" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК